

## Әйтеке би ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 07 шілдедегі № 125 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Әйтеке би ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулының көшірмелері мүдделі органдарға жолдансын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Рахметовке жүктелсін.

Аудан әкімі:

А.Бердалин

Әйтеке би ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 7 шілдедегі  
№ 125 қаулысымен бекітілген

## "Әйтеке би ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы" қаулыларының тізбесі.

№	Қаулы №	Қабылданған күні	Қаулының атауы
1	105	01.04. 2011 жыл	"Қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-106 болып тіркелген, "Жаңалық жаршысы" газетінде 2011 жылғы 12 мамырда жарияланған).
2	28	08.02. 2013 жыл	"Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3543 болып тіркелген, "Жаңалық жаршысы" газетінде 2013 жылғы 14 наурызда жарияланған).
3	50	26.03. 2015 жыл	"2015 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанда азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4300 болып тіркелген, "Жаңалық жаршысы" газетінде 2015 жылғы 15 сәуірде жарияланған).
4	163	11.09. 2015 жыл	"2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4540 болып тіркелген, "Жаңалық жаршысы" газетінде 2015 жылғы 22 қазанда жарияланған).

5	55	30.03.2012 жыл	"Әйтеке би ауданы бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-132 болып тіркелген, "Жаңалық жаршысы" газетінде 2012 жылғы 26 сәуірде жарияланған).
6	27	8.02.2013 жыл	"Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 55 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3542 болып тіркелген, "Жаңалық жаршысы" газетінде 2013 жылғы 14 наурызда жарияланған)
7	167	10.04.2009 жыл	"Әйтеке би ауданында 2009-2012 жылдарға әлеуметтік жұмыс орындарын ашу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-78 болып тіркелген, "Жаңалық жаршысы" газетінде 2009 жылғы 14 мамырда жарияланған)
8	276	1.06.2009 жыл	"Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 167 "Әйтеке би ауданында 2009-2012 жылдарға әлеуметтік жұмыс орындарын ашу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-82 болып тіркелген, "Жаңалық жаршысы" газетінде 2009 жылғы 18 маусымда жарияланған)